

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ



Балаларды халықаралық ұрлаудың
азаматтық-құқықтық аспектілері туралы
ГААГА КОНВЕНЦИЯСЫ
және оның Қазақстанда қолданылуы

(Ата-аналар үшін ақпарат)



БАЛА ата-аналарының
ЕКЕУІМЕН ДЕ қарым-қатынаста
болуға құқылы

Мысал


Қазақстандық ерлі-зайыпты Беларусь еліне тұрақты тұруға қоныс аударады. 1,5 жылдан кейін анасы баласымен бірге өзінің ата-анасының хал-жағдайын білуге барады және кейін жолдасына қайтып оралмайтынын хабарлайды.

Мысал

Қазақстан азаматшасы әзірбайжанға тұрмысқа шығады. Олар бірге Ресейде тұрады. Ажырасқаннан кейін екі жақтың шешімі бойынша қызы анасымен бірге Қазақстанда тұрады және демалыс уақытын Ресейде әкесімен бірге өткізеді. Кезекті демалыс уақытынан кейін әкесі баланың анасына қызы онымен бірге қалатынын хабарлайды.

Мысал

Әкесі көмек көрсетуді сұрайды, себебі оның рұқсатынсыз ұлын анасы Нидерланд еліне тұрақты тұруға алып кететінін жоспарлауда.



Бұл кітапша, Орталық орган қызметі туралы баяндау және ата-аналар тарапынан жиі қойылатын сұрақтарға жауап беру үшін құрылған.

Интернационалдық некелер саны артуының нақ салдары «бала» мәселесі болды.

Мысалы, ері зайыбымен ұрысты, зайыбы баласымен бірге «анасына кетуге» шешті. Жақсы болар еді, егер анасы қасында тұрса. Ал ол басқа мемлекетте тұрса, сөзсіз көптеген қиындыққа әкеп соғады, Бала өзінің үйреншікті тұру ортасынан, ал екінші ата-ана баламен қарым-қатынас жасау құқығынан айырылады.

Бүгінгі күні Қазақстан отбасылық қатынастарды реттейтін бірқатар халықаралық келісімдердің, жеке алғанда, Гаагада жасалған 1980 жылғы 25 қазандағы Балаларды халықаралық ұрлаудың азаматтық-құқықтық аспектілері туралы Конвенцияның (Бұдан әрі - Конвенция) қатысушысы болып табылады.

Конвенция мақсаты балаларға халықаралық ауқымда оларды заңсыз алып өтудің немесе күштеп ұстап алудың зиянды салдарынан қорғауды ұсынуға және олар тұрақты тұратын мемлекетке олардың дереу қайтарылуын қамтамасыз ету үшін рәсімдер жасауға, сондай-ақ қол жеткізу құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету.

Конвенция ережелерін орындау жөніндегі Орталық органның функцияларын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті атқарады.

Орталық орган мамандары Конвенцияның Қазақстанда қолданылуы жөніндегі сұрақтар бойынша кеңес береді және Сіздерге:

- ✓ өтініштерді толтыруға байланысты қажетті ақпараттық қолдау мен көмек;
- ✓ Қазақстандағы заң тәртібінің ерекшелігін түсінуге;
- ✓ баланы ерікті түрде қайтару жөнінде келісуге әрекет жасауға көмек көрсетеді.

Ұрлау дегеніміз не ?



Конвенцияға сәйкес балаларды халықаралық ұрлау жайлы айтылады, егер:

- а) бала 16 жасқа толмаса;
- б) бала Қазақстанда тұрақты тұрған болса (немесе Конвенцияға басқа қатысушы елде; баланың және ата-ананың азаматтығы маңызды емес және қайтару туралы шешім шығарылған кезде ескерілмейді);
- в) бала шетелге оның заңды өкілінің рұқсатынсыз алып өтілсе немесе күштеп ұстап алынса *.

.....
* Баланы оның тұрақты тұратын мемлекеті аумағынан алып өту күні **заңсыз алып өту** күні болып есептеледі. Баланы алып өтуге белгіленген тәртіпте ресімделген келісім берілген уақыт өткеннен кейінгі бірінші күн **күштеп ұстап алу** күні болып есептеледі.

Мысал:

А ата-ана **В** ата-анаға 2014 жылғы 21 наурыздан 21 сәуірге дейінгі мерзімге баланы алып өтуге келісім береді.
В ата-ана көрсетілген уақыттан кейін баланы қайтармайды. 2014 жылғы 22 сәуір баланы заңсыз ұстау күні болады.



БАЛАНЫ ҰРЛАДЫ, НЕ ІСТЕУ ҚАЖЕТ?

Ең біріншіден, баланы қайда алып кеткені туралы түсіну қажет

А) Конвенцияға қатысушы елдер

Қатысушы елдердің тізбесін, сондай-ақ әр түрлі елдердің Орталық органдарының координаттарын №3 қосымшадан және ГХЖҚК-ның ресми сайтында (<http://www.hcch.net>) Баланы ұрлау айдарынан табуға болады. Аталған сайтта Сіздің еліңізді Конвенцияға қатысушы қалған мемлекеттердің мойындау статусын тексеруге болады. Егер мұндай мойындау болса, онда Сіздің еліңіздегі Орталық органға немесе Сіздің ойыңызша балаңыз ұстап алынған елдің Орталық органына тікелей баланы қайтару туралы өтініш бере аласыз.



Б) Конвенцияға қатыспайтын елдер

Егер, баланың болу елі Конвенцияға қатыспаса немесе қатысса, бірақ әлі Қазақстанды Конвенцияға қатысушы ретінде мойындауды растамаса, онда Сіз көмек алу үшін:

☐ болжам бойынша баланың болу елінің полициясына;

☐ Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Консулдық қызмет департаментіне

[http://www.mfa.gov.kz/;](http://www.mfa.gov.kz/)

☐ ақпараттық қолдау алу мақсатында бала ұстап алынған елдің Орталық органына жүгіне аласыз.

МАҢЫЗДЫ: Өтінішті мүмкіндігінше тезірек беру қажет. Уақыт – маңызды фактор. Егер өтініш ұрлаудан кейін бір жылдан кеш берілсе, баланы қайтару мүмкіндіктері де азаяды.

.....

* Конвенцияға қосылғаннан кейін әр елді қалған қатысушы елдер Конвенцияны өздерінің арасында қолдану үшін мойындауы қажет. Айталық 2020 жылғы маусымдағы жағдайы бойынша Қазақстанды 50 (елу) мемлекет мойындады: Австрия, Андорра, Аргентина, Армения, Беларусь, Бельгия, Болгария, Бразилия, Венесуэла, Германия, Греция, Грузия, Дания, Жапония, Ирландия, Испания, Италия, Кипр, Китайская Народная Республика, Колумбия (вст. силу VIII-2020), Латвия, Литва, Люксембург, Мажарстан, Мальта, Мексика, Молдова, Нидерланды, Новая Зеландия, Перу, Польша, Португалия, Чехия Республикасы, Ресей Федерациясы, Румыния, Сербия, Словакия, Словения, Ұлыбритания Біріккен Корольдігі және Солтүстік Ирландия, Түркия, Украина, Уругвай, Финляндия, Франция, Хорватия, Чили, Швейцария, Швеция, Эстония, Оңтүстік Африка.

Менің жағдайымда Конвенция қолданылады ма?

Егер бала Конвенцияға қатысушы елден баланың болжам бойынша болуы мүмкін Конвенцияға қатысушы мемлекет ретінде мойындалған (*қатысушы елдердің тізімін www.hcch.net сайтынан көруге болады*) мемлекетке ұрланған болса, бұл ретте ұрлау (күштеп ұстап алу) елдердің бірін-бірі мойындағаннан кейін жасалған болса, сондай-ақ ұрлау (күштеп ұстап алу) кезінде баланың жасы 16 жастан төмен болса, Сіз, істі қарау кезінде Конвенцияға сілтеме жасай аласыз. Орталық орган мамандары нақ Сіздің жағдайыңыз бойынша Конвенцияны қолдану мүмкіндігі туралы

+7 (7172) 742517

телефоны, немесе

A.abilgazym@edu.gov.kz

Abilgazym_an@mail.ru

электрондық пошта арқылы кеңес бере алады.



Баламның болу орны белгісіз болса не істеуім керек?

Егер нақты мекенжайы белгісіз, бірақ баланың болуы мүмкін мемлекет анықталған болса, іздестіруге:

➤Орталық орган, тиісті елдің Орталық органына баланың болуы мүмкін мекенжайын растау жөнінде сұрау жолдау арқылы;

➤Жергілікті полиция (полиция арқылы баланың болу орындарын кредиттік карталар, мобильді телефондар, электрондық пошта және басқа іздер арқылы және/немесе ұстап алушы ата-ананың: медициналық, мектептік жазбалар және басқа іздер арқылы тексеру мүмкіндіктерін нақтылаңыз)

Назар аударыңыз: егер балаға Қазақстан Республикасының аумағында іздеу жүргізілсе, өтінішті баланың ата-анасы өзі беру қажет.

➤Ұрлаған ата-ананың достары және туыстары (басқа ата-ананың достарымен, отбасымен байланыс орнатуға әрекет жасаңыз. Мүмкін, олар баланың игілігі үшін көмек көрсетеді) көмектесе алады.

Өтініш берілгеннен кейін не болады?

Өтініш қабылданғаннан кейін, Орталық орган тиісті мемлекеттің Орталық органына баланың болу орнының анықтығына көз жеткізу және ата-аналардың арасында бітімгершілік келісімге келуіне қол жеткізу үшін ықпал ету туралы сұрау жолдайды. Кей уақытта өтініш берудің өзі, баланы ұрлаған ата-ананы, алдағы рәсімдерден құтылу үшін ерікті түрде баламен бірге қайтуын көндіреді

Егер ата-аналар өзара келісімге өздері келе алмаса, рәсімді үйлестіру үшін тәуелсіз үшінші жақпен келіссөздер жүргізу - медиацияның көмегіне жүгіне алады.



Медиацияның артықшылығы:

- Соттың істі қарауынан гөрі, аз уақыт алады.
- Дауға байланысты көптеген мәселелерді талқылауға мүмкіндік береді.
- Отбасы ісіне аз араласады, сот сияқты емес.
- Сот процессі кезінде мүддені білдіруден, анағұрлым арзан.
- Қол жеткізген келісімдерге позитивті қарайды, мұндай келісімдер орнықты болады.
- Көп жағдайларда балалар үшін ең жақсы шешім
- Келешекке жұмыс істейді (бітімгершілік келісімге қол жеткізгеннен кейін, келешекте өркениетті қарым-қатынас жасап тұруға жеңіл болады)

Медиацияның кемшілігі:

- Зозу тактикасы болуы мүмкін, уақыты бойынша нақты шектелу қажет
- Әдетте медиация нәтижесінде қол жеткізген келісімдер ерікті түрде орындалады. Бірақ егер келісімді бір жақ орындаудан бас тартса, онда сотқа жүгіну қажет болады.
- Егер бір жақ екінші жаққа қысым көрсетсе немесе бір жақ екінші жақты қатыгездікке айыптаса медиацияны қолданбағаны дұрыс.

Медиацияның артықшылығы,

кемшіліктерінен гөрі көбірек, сондықтан дауды шешудің бұл түрін, әсіресе отбасы дауларын шешуде көпшілік кең қолданады. Егер Сіздің жағдайыңыз бойынша медиатор қажет болса, ұсыныстар алу үшін Орталық органға хабарласуыңызға болады.

Егер ата-аналар бітімгершілік келісімге қол жеткізе алмаса, ата-ана және оның адвокаты баланы қайтару жөнінде талап арыз бере алады. Арыз Қазақстан Республикасының аумағында баланың болжам бойынша болуы мүмкін орнында аудандық сотқа беріледі. Сіз сотқа жүгінесізбе немесе сотқа дейін қалыптасқан жағдайды шешесізбе, оған қарамастан баланы қайтару - бұл күрделі заңды процесс.

Ресми биліктің көмегінен басқа, Сізге Қазақстанда, сондай-ақ шетелде заңгердің көмегі керек болады.

Отбасы дауларын шешуге байланысты құқықтық мәселелерді нақтылайтын, сондай-ақ сотта Сіздің мүддеңізді білдіретін адвокатқа хабарласыңыз.

БІРАҚ: Қазақстанның Орталық органы ата-аналарды тегін заңгерлік көмекпен қамтамасыз етпейді және олардың мүддесін сотта білдірмейді. **Қазақстанда және шетелде болуға, сондай-ақ сотта іс-жүргізуге байланысты шығындарды ата-аналары өздері жеке өтейді.**

Сонымен бірге, “Мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы” 2013 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының №122-V Заңына сәйкес барлық жеке және заңды тұлғаларға құқықтық ақпарат беру түрінде мемлекет кепілдік берген тегін заң көмегін алу құқығы көзделген.

Қателіктерден сақтану үшін қабылданған шешімдерді және кез келген толтырылған құжаттар бойынша мәселелерді Қазақстанның Орталық органы мамандарымен талқылаңыз

.....
Конвенция баланың тұратын орнын белгілеу мәселелерін шешпейді, сот тек қана баланы әдеттегі тұратын мемлекетіне қайтару жөнінде шешім қабылдайды. Баланың тұратын орнын белгілеу туралы шешімді баланың әдеттегі тұратын мемлекетінің тиісті соты шығарады.

Егер ұрлаудан қауіптенсеңіз, не істеу керек

Баланы ұрлау көбінесе күтпеген жерден болады. Бірақ баласын ұрлағанды басынан кешірген ата-аналар, баланы ұрлау алдында кейбір сигналдар болатынын айтады, олар:

□басқа ата-ананың жүріс-тұрысы өзгереді, балаларға тәрбие беруге байланысты даулар жиілейді;

□ажырасу қиын болды, балаға қамқоршы болуға және онымен қарым-қатынас жасау құқығына қатысты келіспеушіліктер орын алады;

□басқа ата-ананың баламен бірге басқа елге қоныс аударуға жоспары болады;

□Басқа ата-ана баланы ұрлаймын деп тікелей қорқытады.

Ұрлау қаупі - әлі ұрлаудың шынымен болатындығын білдірмейді. Бірақ бұл Сіздерге, “баланы ұрлау” ұғымымен және оны алдын алу тәсілдерімен танысу үшін соңғы дабыл.

Жағдай, бірақ, қиындайды, себебі ұрлаудың әр жағдайы бірегей болып келеді. Неке бұзылған кезде, ең жақсысы ата-аналық міндеттерді жүзеге асыру тәртібін белгілей отырып, балаларды тәрбиелеу туралы шарт жасасқан жөн.

Егер Сіз, басқа ата-ананың баланы Сіздің рұқсатынсыз елден алып өтетініне сезіктенсеңіз, Сіз Көші-қон қызметіне баланың шығуына тыйым салу жөнінде арыз бере аласыз.

Ерекшеліктер

Конвенция баланың дереу қайтарылуын талап етеді, алайда, егер басқа ата-ана сотта ерекше жағдайлардың бар екендігін дәлелдесе, онда сот баланы қайтармау жөнінде шешім қабылдауға құқылы.

Олар мынадай ерекше жағдайлар:

□іс жүзінде қамқоршылық құқықтары жүзеге асырылмаған, яғни өтініш берген ата-ана іс-жүзінде ата-аналық міндетін орындамаған (13-бап);

□баланы қайтару нәтижесінде оның денесінің зақымдануына немесе психологиялық тұрғыдан зардап шегуіне айтарлықтай қауіп бар(13-бап);

□бала қайтып оралуға қарсы және оның пікірін есепке алатын жасқа және кәмелет деңгейіне жетті (13-бап)*;

□Ұрлау мезгілінен бастап бір жылдан астам уақыт өтті және бала жаңа ортаға бейімделіп кетті (12-бап);

□ баланы қайтару адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын бұзуға әкеп соғады(20-бап).

Әр жекелеген жағдайда, осындай жайттардың түсіндірмесін, сондай-ақ іс бойынша соңғы шешімді тек қана сот белгілейді.

.....
* Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бала өзінің пікірін білдіруге, сондай-ақ кез келген сот немесе әкімшілік ісін қарау барысында тыңдалуға құқылы. Бұл өз мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, он жасқа толған баланың пікірі міндетті түрде ескерілуге тиіс.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУМАҒЫНДА 1980 ЖЫЛҒЫ 25
ҚАЗАНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰРЛАУДЫҢ
АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯНЫҢ
ЕРЕЖЕЛЕРІН ОРЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ ОРГАННЫҢ
МЕКЕНЖАЙЫ**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Балалардың құқықтарын қорғау комитеті

010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы,
Мәңгілік ел көшесі, 8

Тел.: +7 (7172) 74-25-17

E-mail: A.abilgazym@edu.gov.kz

Abilgazym_an@mail.ru

Байланысатын адамдар:

Ибраева Стелла Амангелдіқызы – басқарма басшысы

Тел.: +7 (7172) 74-23-40, e-mail: s.ibraeva@edu.gov.kz

Жиренбай Ержан Сапарұлы – бас сарапшы

Тел.: +7 (7172) 74-25-17, e-mail: e.zhirenbay@edu.gov.kz

Жұмыс кестесі: дүйсенбі – жұма, сағат 9:00 – 18:30